

Фариза Оңғарсынова поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық

Орындаған: Утеген Жанна

Қабылдаған: Керімбекова Баян

Өмірбаяны

**Фариза Оңғарсынқызы
Оңғарсынова** (5 желтоқсан
1939 жыл- 23 қаңтар 2014
жыл)- қазақ ақыны, халық
жазушысы,
журналист, Қазақстан
Республикасы
Парламенті Мәжілісінің I
және II
шақырылымдарының
депутаты (1996-2004).
1939 жылы 5 желтоқсанда
Гурьев (қазіргі Атырау)
облысы, Новобогат
ауданына қарасты Манаш
ауылында туған




Шығармалары

Сандуғаш.
Өлеңдер. 1966;

Біздің Кәмшат.
Повесть 1976;

Маңғыстау
маржандары.
Өлең 1969;

Биіктік.
Очерктер. 1975;



Мазасыз шақ.
Өлеңдер. 1972;

Көгершіндерім.
Өлеңдер. 1974;

Асау толқын.
Өлеңдер. 1973;

Аудармалары

- Чили ақыны Пабло Неруданың «Жүректің төрт мезгілі» кітабын, орыс ақыны А.А.Блоктың «Нәпсі», «Куликов даласы», «Он екі жыл өткен соң», «Кармен», «Қарлы перде» өлең топтамаларын, сондай-ақ, Р.Ф.Казакованың, Е.А. Евтушенконың, араб ақыны Әбдірахман әл-Хамисидің жекелеген шығармаларын қазақ тіліне аударған.

- Ақын әйелдер жанының кұпиясын, арманын, махаббатын көп жазады. Ол сезім күйлерін шертуге, Әлия мен Мәншүктің тағдыры мен трагедиясына дастандар арнады. Ақын – өз заманының ар-ұжданы.
- Көңілді, жайлы күнімді,
Азапты қайғы мұңымды
Өзімменен бөліскенің үшін,
Қатем мен жеңістерім үшін,
Менің мынау қиындау тағдырым болып
О, баста көріскенің үшін
Өлең, мен сені аялап өтем! –
деп толғайды.

"Асау толқын" атты өлеңінде:

- Тағдырыңды сенің тапсырдым сенімді ұрпаққа

Көз нұрың, болашағыңда – сол түбінде, елім

Келеді әйтеуір бір ұрпақ менің соңымнан – бар үміт сенде.

О, асау толқыным менің! – деген жолдардан ақынның жастарға үлкен сеніммен, үмітпен қарайтыны анық байқалады. Ақын жырында әйелдер бейнесінің көңіл күйі дауылды сезім болып жырланады, тек жай жырлау емес, қазіргі заман талабының биік өрісіне лайықтап жырлау – Фариза туындыларының бір қыры. Әйел – Ана тақырыбы. Әйелдер жан дүниесіне барлау жасауда ақын жетістігі мол. Оны өзі де ашып айтады: "Адам деген күрделі жаратылыс қой. Соның ішінде әйел халқының жан-дүниесі өз алдына бір әлем. Менің өз жырларымды сол әйел жанының сан күйін мүмкіндігім жеткенше жеткізгім келеді. Менің бұл тақырыптағы лирикалық кейіпкерім – әйелдер.

Табиғат жайлы

- Адам жанына шуақ сеуіп, күлімдеп жүретін жандар болады. Осындай адамды жадыраған жаз мінезді адам дейді. Бұл жерде ақын жаз бен адамды салыстырып отыр. Табиғат тірі. Оған мына бір жолдарды оқи отырып көз жеткіземіз:

Бас иіп қырдың жасыл қияқтары
Тұрғандай жаныңа әсем күй ақтарып.
Көп-нәзік қырдың гүлі албырайды,
Алғашқы балғын сезім сияқтанып.
Күн шықты жанарыңнан нұр атылып,
Құм жатыр бұйра жонда шұбатылып.
Жартыкеш ай барады жаутаң қағып,
Үйінен кеткен қыздай ұзатылып.

- Ақын қыз соғыс зардабын, соғыстан оралмаған талай әкелер мен ағалардың, қыршын кеткен жастардың тағдырын айрықша бір сүйіспеншілікпен жырлайды.

Солай біздер қоштастық балалықпен,

Біз күткенбіз әкені, ана күткен.

Күту қиын, адам бұны ұқпаған,

Солдат көрсем, әлі күн тұрып қалам,

Әкем емес екен деп қадалып мен... —

немесе:

Келеді, рас, Жеңістер қасіретпен,

Құрбандықпен... талайдың шашы ағарып, —

деген жолдарынан «Жеңіс күні» оңайлықпен келмегенін ашып айтады.

Сен қайда жүрсің?
Мені осынша сағындырып,
Жүрегімді лаулатып, жалын қылып.
Мен сені іздеп жүрмін
Шығар-ау деп жарқ етіп, түзден бір күн,
Мазасыздық жайлаған жанымды ұғып.
Жинап жүрмін жүрекке ашу, ыза.
Кеудемде қамалған үн,
шаттығым мен пәк күлкім, ән – арманым.
Басқаларға айта алмас сырымды мен
Ішімде бүгіп жүрем -
ақтаруға тек қана саған бәрін.
Жанымды жайып салам,
Көмілмей жасқа, мұңға,
Орап сені сағыныш – ақ сағымға.
Қымсынбаймын, бар әлем қарап қалса
Сені ұйықтатып алдымда таң атқанша
Отырамын көз ілмей бас жағыңда.
Арпалысқан сәтте сол
сағыныш, наз, қимастық, арман, үміт
Әттең атып қалады-ау таң да күліп...
Әлде әйнектен қызғанып Ай қарай ма,
Ол да сені нұрымен аймалай ма?

Әкеме

Әкем біреу, анам да біреу менің,
Мен жығылсам сүйенер тіреулерім.
Олар барда мереке, көрген емен
Қабақтарын шытқанын, түнергенін.
Менің досым әкесін жек көреді,
«Бізбен ісі жоқ оның» деп сөгеді,
Жамандайды сыртынан, тістенеді,
Бір-біріне бітпейді өкпелері.
Дос тапса да адамдар, тапса-дағы,
Әке жалғыз, табылмас ақшаға да,
Жамандасаң әкенді, саған әкеп,
Жақсы әкесін бере ме басқа бала.
Әке – білек, саусағы – балалары,
Қан тамырмен жалғасқан аралары,
Ана - тамыр бойымен бәріне де,
Тіршіліктің жылуы таралады.

Назарларыңызға рахмет!!!